

Қазақстан Республикасында жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі жұмыстарды топтау жөніндегі Нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігімен бекітілген 1995 жылғы 23 тамыз. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1995 жылғы 8 желтоқсан N 134 тіркелді. Қолданылуы тоқтатылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен.

Басшылық қалыптық құжат

Қазақстан Республикасында		Уақытша 47-92
жалпы пайдаланымдағы автомобиль		Нұсқаулықтың орнына
ж о л д а р ы н	п а и д а л а н у	к е з і н д е г і
ж ұ м ы с т а р д ы	т о п т а у	ж ө н і н д е г і
Нұсқаулық	БҚ 218 ҚР 69-95	

Енгізу мерзімі болып 1995 жылдың 1 қыркүйегі белгіленді.

1. Жалпы ережелер

1.1. Нұсқаулық автомобиль жолдарын пайдалану кезінде орындалатын жұмыс түрлерінің тізбесін және автомобиль жолдарын басқару, күтіп ұстау, көгалдандыру, күнделікті, орта және құрделі жөндеулер бойынша оларды топқа бөлудің негізгі принциптерін белгілейді.

1.2. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары мемлекеттік меншік болып табылады, жолаушыларды, жүктөрді тасымалдау және есепті жылдамдықпен көлік ағымы қозғалысының тәуліктік, жылдық, ұздіксіз, қауіпсіз және қолайлы қозғалысын қамтамасыз ету үшін арналған; олардың құрамына мыналар енеді:

жолақ бұрылышы, жолдың конструктивті элементтері, жол жағдайы мен жайластыруы, көпірлер, су бұру және су өткізу құрылыштары, жол көрсеткіштер, жол айырықтары, терең сай көпірлері (виадуктер), тоннельдер, қорғаныс галереялары, жол қозғалысының қауіпсіздігін көтеруге арналған құрылыштар мен қондырғылар, орман жолақтары, желілік тұрғын үйлер және мемлекеттік меншік болып табылатын жол - пайдалану қызметтерінің кешендері.

1.3. Автомобиль жолдарын пайдалану кезіндегі жол жұмыстары автомобиль жолдары мен құрылыштарын басқару, күтіп ұстау, көгалдандыру, күнделікті, орта және құрделі жөндеулерге бөлінеді.

1.4. Автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын басқару, күтіп ұстау және күнделікті жөндеу Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар

министрлігімен бекітілетін ірілендірілген шаршылау қалыптары бойынша жол қорының шеңберінде қаржыландырылады, жоспарланады.

2. Автомобиль жолдары мен жол күрылыштарын басқару

2.1. Автомобиль жолдары және жол күрылыштарын басқару - бұл жолдарда қозғалыстың қауіпсіздігі мен қолайлылығын қамтамасыз ету мен ұйымдастыруға , автомобиль жолдары мен күрылыштардың көліктік-эксплуатациялық жағдайын көтеруге, автомобиль жолдарын пайдалану ережелерін сақтауды және оларды қорғау тәртібін қамтамасыз етуге, жаңа техника мен озық технологияны енгізуіндегі негізінде жобалар мен қалыптық құжаттардың талаптарына сәйкес жолды жөндеу мен күтіп ұстауды ұйымдастыру бағытталған шаралар кешені және т.б. жұмыстар .

2.2. Жолдарда қозғалыстың қауіпсіздігі мен қолайлылығын қамтамасыз ету бойынша шаралар құрамына мына жұмыстар енеді:

- автокөлік ағымы қозғалысының тәртібін зерттеу, жолды белгілеу схемасын өзірлеу, жол белгілерін ауыстыру, жылдамдықтарды реттеу, жол саласының міндеттерін орындауда қатысты қозғалысты басқарудың автоматты жүйесін ұйымдастыру ;

- жол көлігі оқиғаларын (ЖКО) талдау, ЖКО болған жерді зерттеу, себептерін анықтау және жол қозғалысы қауіпсіздігін жақсарту жағдайлары бойынша ұсыныстар әзірлеу ;

- жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатысты алғанда ең қауіпті жол участкерін анықтау және апаттарды болдырмау үшін профилактикалық шаралардың толық кешенін әзірлеу ;

- жолақ бұрылышының шеңберінде жол және құрылыш жұмыстарын жасауды көлісу ;

- автомобиль жолдары мен күрылыштардың коммуникациялармен және инженерлік желілердің жанасуы мен қылышсын келісу және техникалық шарттар әзірлеу ;

- автокөлік ұйымдарымен жаңа автобус маршруттарының ашылуын келісу;

- желілік жол ұйымдарының қызметкерлерінің жолдарда бақытсыздыққа душар болғандарға ең алғашқы дәрігерлік көмек көрсету ережелерін үйретуді ұйымдастыру ;

- жол бойындағы су көздерінің жайына тазалық бақылау жүргізуге шарттар бекіту және олардың орындалуын бақылау;

- жол бойының коммерциялық сервис объектілерін жайғастыруды келісу;

- жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары өтетін аумақтарда аяу райы туралы жүйелі ақпарат алу үшін гидрометқызмет ұйымдарымен шартқа отыру;

- қар өлшеу постыларында өлшеу жасау мен борасын жағдайларын

қадағалауды жүйелі түрде жүргізу;

- жол саласына қатысты ЖКО шоғырланған жерлерін жою және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бағдарламаларды өзірлеу.

2.3. Автомобиль жолдарының көліктік-эксплуатациялық жағдайын көтеру бойынша шаралардың құрамына мына жұмыстар енеді:

- автомобиль жолдары мен жасанды құрылыштардың инструменталды диагностикасын жасау мен зерттеу жүргізу;

- автомобиль жолдарын жоспарлау, күтіп ұстау және басқаруды қамтамасыз ету бағдарламасын өзірлеу, автоматты банк мәліметтерін құру;

- жол мен жасанды құрылыштардың көліктік-эксплуатациялық деңгейін бағалау;

- жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары желілерінің даму бағдарламаларын, автомобиль жолдарының карта-схемасын дайындау.

2.4. Автомобиль жолдарын пайдалану ережелерін сақтауды және оларды қорғау тәртібін қамтамасыз ету бойынша шаралар құрамына мына жұмыстар енеді:

- автомобиль жолдары мен құрылыштар күйінің, оларды пайдалану ережелерінің сақталуына тұрақты патрулды қадағалау жасау;

- радиодан, теледидардан, жалпы ақпарат құралдарында автомобиль жолдарын пайдалану ережелері мен оларды қорғауды насиҳаттау;

- Қазақстан Республикасының азаматтары мен кәсіпорындарының меншігі болып табылатын зор ауқымды және ауыр көлік құралдарының жол жүруіне рұқсат беру;

- жылдың қолайсыз мерзімдерінде, сондай-ақ жолдың нашар участкерінде көлік қозғалысын ұйымдастыру мен шектеу.

2.5. Жаңа техника мен озық технологияны енгізуудің негізінде жобалар мен қалыптық құжаттардың талаптарына сәйкес жолды күтіп ұстау мен жөндеуді ұйымдастыру бойынша шаралар құрамына мына жұмыстар енеді:

- жол мен жол құрылыштарын күтіп ұстаудың сапасын бағалау бойынша ай сайын, сондай-ақ көктем мен күзгі қарауды жүргізу;

- жолды күтіп ұстаудың жоспарларын, жөндеу жұмыстарының жоспарларын өзірлеу, автомобиль жолдарын жобалау, жөндеу, салу мен қайта құру шарттарын бекіту, шарттардың орындалуын бақылау;

- жолды күтіп ұстау, жөндеу, салу мен қайта құру кезіндегі жұмыстардың сапасын бақылауды ұйымдастыру;

- автомобиль жолдары желілерінің техникалық күйінің өзгерісін есептеу, есеп-берулерді құрастыру;

- жолды пайдалану қызметінің мемлекеттік құрылымының мамандарын таңдау, қайта дайындау мен үйрету.

2.6. Басқа жұмыстарға мыналар жатады:

- қозғалыстың құрамы мен үздіксіздігін және жолды күтіп ұстауды дұрыс үйымдастыру үшін қажетті басқа қадағалауларды жүргізу және жөндеу жұмыстарын жоспарлау үшін қажетті бастапқы мәліметтерді алу;

- автомобиль жолдары мен жол құрылыстарына техникалық есеп жүргізу, төлкүжаттау мен инвентарлау.

3. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын күтіп ұстау

3.1. Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын күтіп ұстау - бұл жолды, жол құрылыстары мен жолақ бұрылысын тиісті тәртіpte, тазалықта ұстау мақсатында жүйелі түрде күтіп ұстау және жыл бойғы жол қозғалысының үздіксіздігін, қауіпсіздігі мен қолайлылығын қамтамасыз ету.

Автомобиль жолдары мен жол құрылыстарының күтіп ұсталуы жол мен құрылыстардың көктемгі, жазғы және күзгі, қысқы кезеңдегі күтіп ұсталуынан және басқа жұмыстардан тұрады.

3.2. Жолдың көктемгі, жазғы және күзгі кезеңдегі күтіп ұсталуы кезінде мына келесі жұмыстар орындалады:

3.2.1. Жер полотносы мен су өткізгіштер бойынша:

- кішігірім опырыуларды, құлауларды, су тасуларының қалдығын жинау арқылы грунтты үймелі жер бетін салалау (профирлеу);

- каналдар мен басқа су өткізу құрылыстарының кейбір жерлерін лайдан, қардан немесе мұздан тазартып, олардан су өткізу;

- резервтерді, кавальерлерді, қорғаныс - нығайту құрылыстарын күту, бұталармен шөптерді, жиектегі, тік жардағы, кесінділердегі кейбір ағаштарды шабу, жолақ бұрылысын таза ұстау.

3.2.2. Жол беті бойынша:

- жол төсемін шаңнан, лайдан, қардан, мұздан және қоқыстан жүйелі түрде тазарту катуңды жинау;

- жол участкілерінің иірімді және беріктілігі жеткіліксіз жол беттеріне күтім жасау (уақытша қоршau мен қозғалысты реттеу, кейін жиып тазаланатын қалқандармен, шөпшектер және басқа материалдармен жабу), әуе шұңқырларының пайда болуы және оларды иірімдену қаупі бар кезең өткен соң көмү;

- шиыршиқ тасты және топырақты жандарды пішіндеу (профилерлеу).

3.2.3. Жасанды құрылыстар бойынша:

- көпірлерді, құбырлар мен олардың арналарын лайдан, шаңнан, үйінділерден, қар мен мұздан тазарту, тіреулер, бағана түбіндегі бұталар мен мұзкескіштер жанындағы мұздарды жару, кіші көпірлер мен құбырлардың тесіктерін күзде жабу және көктемде ашу;

- сенде, тасқын суды өткізу, жолдармен құрылыштарды су тасудан, мұз қатудан, кептелуден, орман және дала өрттерінен қорғау жөніндегі ескерту жұмыстары;

- паром өткелдерін, қалқымалы көпірлерді күтіп ұстау мен қызмет жасау, соның ішінде паромдарды жүргізу мен түсіру, айлақтардың биіктігін реттеу мен т . б . ;

- қалқымалы айырма көпірлерді айыру мен қосу, сувы төмен көпірлерді толтыру мен азайту, уақытша (кезеңді), мұз өткелдерін жабдықтау мен күтіп ұ с т а у ;

- көпір өткелдерін, су жібергіш құбырлар мен басқа жасанды құрылыштарды құнделікті және кезеңді қарап тұру;

- айдынның тіреу бөліктерін графитпен сұрту;

- қозғалмалы жапсарлардың механизмдерін майлау;

- өту құрылыштарының болатты элементтерін шаң мен қоқыстың жиналуынан т а з а р т у .

3.2.4. Автомобиль жолдарының құрамына енетін ғимараттар, өндірістік базалар мен қосалқы құрылыштар бойынша:

- ғимараттарды, өндірістік базаларды, аула құрылыштары мен қосалқы қосалқы құрылыштарды жүйелі түрде күтіп ұстау (шатырды, су ағызғыш құбырларды, желобтарды, тұтіндіктерді тазалау, су жібергіш және канализациялық қондырғыларды тазарту және т.б.), аулаларды, баулар мен қызмет ғимараттарына кіретін жолдарды тазалық пен тәртіpte күтіп ұстау, өрттеген қ о р ғ а у .

3.2.5. Жол жақсарту жағдайлары, қозғалысты, байланысты, жарықтандыруды ұйымдастыру обьектілері бойынша:

- белгілерді, қоршауларды, автобус аялдамаларын, демалыс алаңдарын, дәретханаларды, әңгімежайларды, автопавильондар мен басқа құрылыштарды шаң мен қоқыстан тазарту, тазалықта және тәртіpte күтіп ұстау;

- қозғалысты, байланыс пен жарықтандыруды ұйымдастыру бойынша құралдардың дұрыстығын бақылау мен күтіп ұстау.

3.3. Жолдың қыс мезгілінде күтіп ұсталуы - бұл қыс мерзімінде қардан сақтау мен қар тазалау жолымен автокөліктің үздіксіз және қауіпсіз жол жүруін қамтамасыз ету, жол мен жол құрылыштарының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларды ж а с а у .

Қысқы күтіп ұстау жұмыстарына мыналар жатады:

- мұз тайғақтыққа қарсы материалдарды дайындау;

- қардан қорғау құралдарын жасау (қалқандарды, дарбазаларды, қашаларды ж е н е т . б .) ;

- қардан қорғау дарбазаларын, қалқандарды, панельдер мен басқа қардан қорғау қондырғыларын орнату, бөлшектеу және жөндеу;

- жолды қардан патрульды тазалау, қар борасынынан жолдарды тазарту, жол бетін қар қабатынан тегістеу, қатпарда, тік жар мен резервтерде қар үйіндісін ж о ю ;

- жүретін жолды мұз тайғаққа қарсы фрикционлық, химиялық және басқа материалдармен өндедеу;

- автобус аялдамаларын, павильондарды, демалыс аландары мен жолдың сервис объектілерін қар мен мұздан жүйелі түрде тазарту;

- автомобиль жолдарының бойында қарды тоқтату үшін қар тіреулері мен траншеялар күрү;

- тасқынға қарсы шаралар жүргізу;

- мұз қатумен күресу.

3.4. Басқа жұмыстарға мыналар жатады:

- жол мен жол құрылыштарының күзетшілік және өрттік қорғалуы;

- жолдарда бақытсыздыққа душар болғандарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету.

4. Автомобиль жолдарын көгалдандыру

4.1. Автомобиль жолдарын көгалдандыру - бұл автомобиль жолдарын қар және құмайт борасындардан немесе эрозиядан қорғауды және сәулетті - көркем ресімдеу жасауды қамтамасыз ету.

Автомобиль жолдарын көгалдандыруға - ағаш отырғызу мен декоративті көгалдандыру және оларды қайта құру мен күту жұмыстары енеді.

Отырғызылған ағаштарды күту мен декоративті ресімдеуге мына келесі жұмыстар жатады :

- топырағын күту (трактормен культивациялау, қатардағы топырақты борпыту, шөптермен химиялық күрес жүргізу);
- орман жолақтарын жырту;
- күтудің шабу тәсілдерін жүргізу;
- зиянкестермен және өсімдік ауруларымен күресу.

4.2. Отырғызылған ағаштарды және көркемдеулерді қалпына келтіру мен қайта жасау жұмыстарына мыналар жатады:

- питомниктердің, отырғызылған ағаштар мен көркемдеу топырақтарын дайындау;

- отырғызу материалдарын өсіру (немесе құнын төлеу) мен тасымалдау;

- ағаш жолақтары мен көркемдік ресімдеу қондырғыларын жасау;

- ағаш жолақтары мен көркемдік ресімдеулерді отырғызу және толықтыру;

- құдықтарды, скважиналарды, су құю құбырлары мен дренирлеу арналарын құру.

5. Автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын күнделікті жөндеу

5.1. Күнделікті жөндеу - бұл жыл сайын барлық жол бойындағы кішігірім жолдың және жол құрылыштарының бұзылуын түзетіп отыру мен оның алдын а л у .

5.2. Күнделікті жөндеу кезінде мына жұмыстар жүргізіледі:

5.2.1. Жер полотносы мен су бұрғыштар бойынша:

- жер полотносының су бұрғыш құрылыштардың, резервтердің, бекіту және реттеу құрылыштарының кейбір кішігірім зақымдануларын түзету;
- шөп өсіру отырып дөмбешіктерді, ойлы-қырлы жерлерді жартылай тегістеу;
- кейбір жерлердегі жер қатпарларын жабу, қыру және тегістеу.

5.2.2. Ж о л б е т і б о й ы н ш а :

- саңылауларды, шұңғылдарды, табандықтарды бітеу, құдықтарды, еніңкілікті жою, қырларын тегістеу, барлық түрдегі жабулардағы кейбір бордюрлерді алмастыру ;

- цементті-бетонды жол бетінің саңылауларын толтыру мен жөндеу;

- жол беті қабатының беку сапасын көтеру;

- битуммен және дегтелік материалдармен өндөлген жол бетін қоса есептегенде қыыштық, шағыр тасты жол бетіне майда тас қыыштықтары мен түйірлерін се б у ;

- жүретін жолдарды белгілеу;

- кейбір жолдарға қоспа жасамай топырағы мен шағырлы бүйірлерін түзету;

- жолдарды флюлары кальциймен, дегтімен, битуммен және басқа материалдармен сепкілеу .

5.2.3. Жасанды құрылыштар бойынша:

- көпірлердің темір элементтерін жеке-дара сырлау;

- құрылыштың кейбір элементтеріндегі кішігірім зақымдануды түзету (тіреу бөліктерін, периланы, еденді, дінгекті, дарбаза қабырғаларының тіреулерін, дренаж қондырғыларын және т.б.);

- конструкция саңылауларын торкетирлеу, қалауларды, сылауларды жөндеу, тойтарып шегендеудің кейбірін алмастыру;

- арналар арқылы өтетін көпірлердің өту, жол жүретін жерлерін алмастыру және түз е т у ;

- қалқымағынан көпірлердің, паром өткелдерінің және айлақ қондырғыларының кішігірім зақымдануын түзету (сеппілді шегендеу, қаптауын жөндеу, такелажын түз е т у және т.б.);

- көпірдің жол жүретін жағының қабатындағы жол көрсеткіштерінің құдықшаларын жөндеу, жабу қабатының саңылауларын бітеу;

- қозғалмалы тігістеріне кішігірім жөндеу жасау;

- құбыр науаларын тегістеу;

- үйінді топырақ пен құрылыштың реттеу жерлерінің босаған өзгерістерін жою

;

- тіреудің бос шұңқырларын бітеу;
- элементтерді шіруден тазалау, ағаш көпірлердегі тақтайларды, тәссеулерді алмастыру;
- темір-өту құрылыштары элементтерінің кішігірім қозғалысын түзету, кейбір тойтарып шегендеулерді алмастыру.

5.2.4. Ғимараттар, өндірістік базалар және қосалқы құрылыштар бойынша: қабырғаларды, едендерді, төбе шатырын, терезелерді, есіктерді және т.б. сырлау мен ақтау, әйнектерді салу, қалқа қабырғаларды, қабырғаларды, едендерді, төбені, шатырды, бөгеулерді, терезелерді, есіктерді, ошактарды, құдықтарды, скважиналарды, су өткізгіш және канализациялық желілерді, жеке элементтерді жартылай алмастыру арқылы байланыс желілерін жөндеу.

5.2.5. Жолдарды жақсарту мен көркейту, қозғалысты, байланысты, жарықтандыруды ұйымдастыру объектілері бойынша:

- жетіспейтін белгілерді, бірыңғай жағдайда қоршауларды орнату мен алмастыру, зақымдауларды түзету, жол белгілері мен қоршаулардағы қалқандарды толық алмастыру, панналарды жөндеу мен орнату, жол жағдайын жасау элементтерін қайта қалпына келтіру;

- сәулетті ресімдеу мен жақсарту элементтерінің кейбір зақымдаулары мен бұзылударын түзету;

- автопавильондарды, әңгімежайларды жол, қоршау белгілері мен автомобиль жолдарының басқа да жағдай жасау элементтерін сырлау мен ақтау, тік және көлденең белгілерді жүргізу;

- әңгімежай мен орындықтарды орнату мен жөндеу;

- қозғалысты, байланысты, жарықтандыруды ұйымдастыру объектілерінің кейбір зақымдаулары мен бұзылуларын түзету.

6. Автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын орташа жөндеу

6.1. Орташа жөндеу - бұл жол мен жол құрылыштарының пайдалану сапасын қайта қалпына келтіруге байланысты жөндеу жасау. Орташа жөндеу кезінде жол беті тегістігінің және тозу қабатының кезеңді - қайта қалпына келтіру, сондай-ақ жер полотносының, су өткізгіштің жасанды, қалқанды, нығайту, реттеу және басқа жол құрылыштарының зақымдауларын түзету, соның ішінде жөнделетін жол учаскесінің бойындағы жол жағдайын жасау элементтерін де түзету.

Қажет болған жағдайда кіші және орта жасанды құрылыштарды қайта жасайды. Орташа жөндеу жобалау немесе дефекті және смета ведомостары бойынша жүргізіледі.

6.2. Орташа жөндеу кезінде келесі жұмыстар жүргізіледі:

6.2.1. Жер полотносы мен су өткізгіштер бойынша:

- жер полотносының кейбір участеклерін көтеру мен кеңейту;

- су бөлу арықтарын қазу, тік жардың, үйінді мен шұнқыр кіріктерін азайту мен зақымдауларын жою, дренажды, қалқанды және су жіберу құрылыстарының, көпірлер мен құбырлардың салаларында су жіберу және шығару қондырғыларының бекітулерін түзету, берік дерновалы қабатты, құбырларды, сырғулар мен су жойқынының қалдықтарын тазалауды жасау бойынша қажетті агротехникалық шараларды жүргізу арқылы жер полотносының қырлары мен резервтерінде шөп отырызу;

- бүйірлерді толтыру, кесу, тегістеу мен нығайту.

6.2.2. Жол бетінің қабаты бойынша:

- жол бетіне өндөу жасау;

- жетілдірілген жабу қабатының жоғарғы тозған қабатын қайта қалпына келтіру және жол бетіне өндөу жасай отырып, аталмыш қабатты кейбір будалы жерлерге қайтадан салу;

- қабы, сорапты, жаңа материалдар қосылған тарағы бар жетілдірілген жабу қабатын регенерлеу немесе сүймендеу;

- темір-бетонды және цемент-бетонды жабу қабатының кейбір тақталарын тегістеу немесе көтеру, алмастыру;

- материалдар қосу арқылы қиыршық тасты және құмды жолдардың бір қырын қайта қалпына келтіру;

- қиыршық тасты және құмды жолдардың жүріп өтетін жағын бырыстыру және шаңдатпайтын материалдармен жақсарту;

- қозғалысқа қауіпті иректерде көз көрерлікті қамтамасыз ету және бұрылыштар орнату;

- жөндеу участеклерінде жол жүретін жерлерді белгілеп қою.

6.2.3. Жасанды құрылыстар бойынша:

- көпірлер мен жол көрсеткіштердің, сондай-ақ су өткізу құрылыстарының өлшемдері мен есепті қуаттарын жөнделетін жол үшін белгіленген техникалық құжаттармен бекітілген техникалық санаттарға сәйкес келетін қалыптарға дейін жеткізе отырып, аталмыш құрылыстарды жартылай қайта құру мен жөндеу;

- көпірлерде күрделі емес жөндеулерді орындау (төсеулерді, балка сеткілерін, кейбір түйіндер мен элементтерді алмастыру, қалауларды, жер полотносының жанасуларын түзету және т.б.);

- алдын ала кернеуленген темір-бетонды және темір-өту құрылыстарының құрылстық көтерілуін бақылау;

- көпірдің жол өтетін жағының қабатын қайта қалпына келтіру немесе ауыстыру;

- тротуар блоктарының саңылауларын шекімелу, тротуарда жол қабатын қалдаяу;

- қоршауларды жөндеу немесе қалпына келтіру;
 - материалдары мен конструкциясын ауыстыра отырып қозғалмалы тігістерін жөндеу;
 - гидроизоляцияны жөндеу;
 - тротуарларды, таяныштарды, жиіктерді алмастыру;
 - көпірдің жол өтетін жағының су бұрғыштарын жақсарту, су бұрғыш құбырлар мен терезелерді алмастыру;
 - темір-бетонды конструкциялардың фасадтарын гидроизоляциялау, бас балкалардың беттерін сырлау;
 - санылаулардың бетін герметизациялау, қабыршактарды, сынықтарды бітеу, көпірдің темір-бетонды элементтерінің қорғау қабаттарын қалпына келтіру;
 - темір-өту құрылымдарды түгел сырлау;
 - балкалардың өзара бірлестігін қалпына келтіру;
 - өту тақталарды, дренаж бен су бұруларды, көпірдің топырақ үйіндісімен жаңасуын жөндеу;
 - жер полотносының кесінділері мен реттеу құрылыштарының бекіністерін жөндеу;
 - тіреулер мен реттеу құрылыштарындағы су өтулерді жою;
 - темір-өту құрылыштарының жеке элементтерін күшайту, тесік фермалы көпірлер торының элементтерін түзету;
 - тойтарып шегендегіштерді өте мықты болттармен алмастыру;
 - тіреу бөліктерін жобадағы қалыпқа келтіру және жөндеу;
 - тіреу аландарындағы құюларды қалпына келтіру мен жөндеу;
 - жұқа бет қабатының тігістерін жамау, санылауларға ерітінділер құю;
 - өту құрылыштары мен тіреулердің қараша қондырғыларын қалпына келтіру мен жөндеу;
 - тіреу деңесін жөндеу;
 - темір-бетонды өту құрылыштарының тіреу жерлеріндегі тіреу түйінділерін күшайту;
 - жеке үзбелерді және құбыр бөліктерін жөндеу немесе алмастыру, жеке қабаттар мен түйістерді түзету;
 - тіреу қондырғыларды, бекіту және реттеу құрылыштарды, галереялар мен қалқаларды жөндеу, сондай-ақ олардың кейбір элементтерін алмастыру.
- 6.2.4. Жолдардың жағдайы мен жайластырылуы, қозғалысты, байланысты, жарықтандыруды, үйымдастыру объектілері бойынша:**
- елді мекендер арқылы өтетін жол участеклерінің жаяулар жолдары мен тротуарларын жөндеу мен қайта салу;
 - кейбір қоршауларды қайта жасау, жөндеу участеклеріндегі жол белгілері мен бағыт көрсеткіштерді алмастыру (қалпына келтіру) мен жаңадан қою, кейбір жол

айырықтарын, демалу аландарын, автомобиль тұрақтарын, көрікті жерлерді жайластыру және сәулетпен ресімдеуді қоса қоршауларды жөндеу;

- кіру, шығу және жазғы жолдарды жөндеу;
- қозғалысты, байланыс және жарықтандыруды үйимдастыру, сигнал беру

объектілерін жөндеу;

- автожолдарды жайғастыру элементтерін жөндеу (автопавильондарды, тіреу қабырғаларды, ақпарат панноларын және т.б.).

6.2.5. Көлік құралдарының қажетті пайдаланушылық жағдайы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа жұмыс түрлері.

7. Автомобиль жолдары мен жол құрылыштарын күрделі жөндеу

7.1. Автомобиль жолдарын, жол ғимараттары мен құрылыштарын күрделі жөндеу - бұл осы жол үшін белгіленген тиесілі техникалық санаттардағы қалыптар шеңберінде жол мен құрылыштардың мықтылығын күшейту және жөнделетін объектілердің көліктік-пайдаланушылық сипатын жақсартатын және жолдың техникалық қалыптарын көтеруді қамтамасыз ететін конструкциялардың тозғандары мен бөлшектерін мықты және тиімді бөлшектерге алмастыру арқылы жөндеу. Осы жөндеуге табиғи апаттар салдары мен жолдың инженерлік құрылыштарын қалпына келтіруге байланысты жұмыстар жатады.

Күрделі жөндеу кезінде жоспарда да жолдың ұзына бойғы қырында да жолдың жалпы ұзындығының 25 % түзетуге рұқсат етіледі.

Күрделі жөндеу, қағида бойынша, техникалық жобалар мен сметалар бойынша мердігерлік жол салу үйимдарымен орындалады. Кейбір жағдайларда, күрделі емес жұмыстар кезінде немесе апат жағдайлардан туындаған жұмыстарда ақау ведомостары мен атқару сметалары бойынша күрделі жөндеу жүргізуге рұқсат етіледі.

7.2. Күрделі жұмыс кезінде мына жұмыстар орындалады:

7.2.1. Жер полотносы мен су бұру бойынша:

- күрделі жөндеу үшін бекітілген техникалық құжатқа сәйкес жер полотносын түзету, көтеру, биіктету және кеңейту, топырақты алмастыру, көз көрерлікті қамтамасыз ету, айналма радиустарын үлкейту, көлденен еңістерді жұмсарту, тік ирек және бұрылыстар жасау, жер полотносының кесіндісін, ойпандарды, бекіністерімен бірге топырак үйіндісін тегістеу. Жолдың кейбір участекерін түзету, елді мекендерге баратын және айналып өтетін жолдар салу;

- будалы, сырғымалы және құлайтын участекерін жою, жер құргату, жеке қабаттарды бөлу қондырғыларын жасау және жер полотносының мықтылығын қамтамасыз ететін басқа жұмыстар;

- бұрыннан бар су бұру қондырғыларын, жиек қорғау және эрозияға қарсы тұруға қажетті құрылыштарды өзгерту немесе алмастыру, сондай-ақ қайта салу;

- автомобиль жолдарының қылышысы мен жанасуында жер полотносы мен су бұру жүйелерін орнату, сондай-ақ автомобиль аялдамасы мен тұрағы үшін аландар мен автомобиль жолдарынан тысқары жакта демалу алаңдарын жасау

- жойылатын жол участкелерін, карьерлерді, битум базаларын, битум құдықтарын әзірлеу мен рекультивациялау және қоршаған ортаны қорғауға байланысты басқа жұмыстар;

- тасқын, сел, нөсер және басқа табиғи апаттар салдарын жою жұмыстары.

7.2.2. Жол беті бойынша:

- қозғалыс жолағының біреуінің бет қабатын күшейту (қабаттау), кеңейту және негіз есебінде бұрыннан бар жол бетінің қабатының пайдалану мен регенерациялау арқылы бет қабатының аса жетілдірілген түрін орнату, сондай-ақ жол участкесінің түзетілген жеріне және елді мекендерге баратын және айналып өтетін жолдардың бетін жабу, жол айырықтарында, инженерлік қондырғыларда, тротуарларда, жаяулар мен велосипед жолдарында, автобус аялдамаларында, демалу алаңдары мен автокөлік тұрақтарындағы жер бетін жабу;

- тас қырышықты және шағыр тасты бет қабаттарының қырын, сондай-ақ жаңа материалдар қосу арқылы топырақты жолдарды түзету, бырыстыру материалдарымен жүретін жолды жақсарту;

- жасанды және табиғи материалдардан тұратын және жетілдірілген бет қабатының жиегі бойынша бекіту жолақтары, соның ішінде негізгі жол бетінің түрі бойынша тозған көмкермелерді алмастыру және жаңасын орнату.

7.2.3. Жасанды құрылыштар бойынша:

- көпірлерді, соның ішінде жаяулар жолын, жол көрсеткіштерді, олардың ауқымдары мен есепті қуатына сәйкес қызмет жасау қабілетін осы жөндеу үшін бекітілген техникалық құжатқа сәйкестендіре отырып толық салу, қайта құру

- бұрыннан бар қалқымалы көпірлер мен паром өткелдерін қайта құру мен
кушету және жаңалағын салу;

- қалқымалы көпірлерді, паром өткелдерін, темір жол кесіп өту жолдарын тұрақты көпірлермен және жол көрсеткіштерімен алмастыру;

- тіреу қабырғаларын қорғаныс бекіністері мен зерттеу құрылыштарын салу
н е м е с е а л м а с т ы р у ;

- конструктивті элементтерді салу, күшейту немесе тоннелдерді, қорғаныс галереяларын және таулы жолдардағы қалқаларды қайта салу, сондай-ақ уақытша галереялар мен қалқаларды тұрақтыларға алмастыру;

- су өткізу құбырларын қондыру, толық немесе жартылай қайта қуру;

- қайта салынған және жаңадан салынған көпірлерді сынақтан өткізу.

7.2.4. Мемлекеттік меншік болып табылатын жалпы пайдаланымдағы

жолдарды жөндеу мен күтіп ұсташа жұмыстары үшін қажетті ғимараттар, қосалқы құрылыштар мен пайдалану қызметінің өндірістік базалар бойынша:

- ғимараттардың сыртқы қабырғаларының шеңберінде ішкі қайта жоспарлау бұрынғы ғимараттарға қосалқы-көмекші және тазалық-тұрмыстық жайларды с а л у ;

- ғимарат зақымдаулары мен ақауларын түзету;

- жылу, сумен жабдықтау, газдандыру, телефондау, канализациялау, электрлеуді орнату мен бұрыннан бар газ құбырлары мен байланыс желілеріне қ о с у ;

- жол қызметінің, соның ішінде жол-пайдалану ұйымдарының желілік қызметкерлерін жайғастыру үшін желілік тұрғын үйлерді, қызмет ғимараттары мен жатақханаларды, жөндеу-механикалық шеберханаларды, гараждарды, қоймаларды, питомниктерді, оранжерея мен отырғызу материалдарын өсіру үшін жылышайларды, құдықтарды, скважиналарды, асханаларды, қазандықтарды, ішкі аланды инженерлік желілерді, тазалау құрылыштарын, объекті жанының жайластырылуы мен басқа қажетті ғимараттарды салу, уақытша ғимараттар мен құрылыштарға қарастырылған смета сомасының шеңберінде пайдалану кешенінің құрамына енетін өндірістік базаларды қайта құру.

Уақытша ғимараттар мен құрылыштардың жыл сайынғы шығындары (тұрақты тұрғын үй салуды қосқанда) жалпы пайдаланым жолдарындағы күрделі жөндеу бойынша жылдық жұмыстар көлемінің 5% аспауы тиіс.

7.2.5. Жолдардың жағдайы мен жайластырылуы, қозғалысты, байланыс пен жолды жарықтандыруды ұйымдастыру объектілері бойынша:

- жолдарды немесе олардың кейбір участекерін жақсылап жабдықтау және с ө у л е т т і р е с і м д е у ;

- аялдау, отырғызу аландары мен автопавильондарды, қауіпсіз аралышықтарды, демалу алаңдарын (әңгімежайларымен, су көздерімен, қарау құдықтары немесе жолда автомобилдерді профилактикалық қарау үшін эстакадаларымен және басқа қондырғыларымен), автобустардың аялдауы мен тұруы, жаяулардың өту үшін алаңдар (соның ішінде әртүрлі деңгейде), сондай-ақ тротуарларды елді мекендердің шеңберінен өтетін жол участекерінде жаяулар жолдарын жасау;

- участекерде барьер қоршауларын, бағыттаушы қондырғыларды және жол белгілерін алмастыру немесе қайта жасау, күрделі жөндеу жүргізу;

- автомобиль жолдарының бір және әртүрлі деңгейлеріндегі бұрыннан бар қызылсулар мен жанасуларды қайта орнату мен жаңадан орнату, сондай-ақ барлық жол бойында немесе оның участекерінде кейбір жол кесіп өтулерді, кіру мен бұрылыштарды, желілік жол қызметтерінің ғимараттары мен жолдың сервис кешендеріне баратын жолдарды салу;

- жол участекерін жөндеу кезеңінде уақытша айналып өту құрылыштарын,

бұрыннан бар жазғы трактор жолдарын қайта салу немесе жаңадан салу;

- автомобиль жолдарының өзаралық және темір жолдармен қызылышуларында қозғалысты ұйымдастыру мен жөндеудің техникалық құралдарын жаңадан орнату;

- жолдың кейбір участкерінде, көпірлер мен паром өткелдерінде электр жарығын, жолдың желілік телеграфтық (телетайптық) немесе радиобайланыс құрылыштарын және басқа технологиялық байланыс құралдарын орнату;

- қозғалыс, қар өлшеу және су өлшеу постылары бойынша пункттерді және жол жұмысын, оның кейбір элементтерін, құрылыштарын және сол бойынша көлік ағымдарын зерттеу үшін қажетті басқа қондырғыларды орнату мен жабдықтау;

- қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралар жүргізу (қазандықтарда шаң ұстайтын қондырғыларды орнату, су көздерін ластанудан сақтау және т.б. жұмыстар).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК